"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат
Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025,
СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО
бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

22.11.2019-ғы № 03-18/5184 шығыс хаты

«ЮГТЕХМОНТАЖ» ЖШС-не

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің 14.11.2019 жылғы №58341 санды өтінішіңізге сәйкес, «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Түркістан облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі – Ұйымдастырушы)* ұйымдастырылған №3676243-1 «Түркістан облысы Полиция департаменті қызметтік автокөліктерінің тану белгілері мен жазуларын №1863 МемСТ талаптарына сәйкес бояу қызметі /техникалық ерекшелікке сәйкес» ашық конкурсының заңдылығына камералдық бақылау жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының *(бұдан әрі – Қағида)* 150 тармағына сәйкес, *әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы*.

Қағиданың Конкурстық құжаттамаға 5-1-қосымшасының ескертуінің 5 тармағына сәйкес, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсыну тек көрсетілуі конкурстық құжаттамада көзделген мәліметтер бойынша міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігіндегі талаптар көзделмеген жағдайда, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылмайды.

Конкурстық құжаттаманың 1-3-қосымшасында әлеуетті өнім берушілерге еңбек ресурстары бөлігінде ешқандай біліктілік талаптары қойылмаған.

Сәйкесінше, әлеуетті өнім беруші «ЮГТЕХМОНТАЖ» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетіні туралы Ұйымдастырушыға камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданды.

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдей келе, өтініш мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралған.

22.11.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

ҚР 12.01.2007 жылғы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **Т.Тултебаев**

✍: Т.Алимтаев
☎: 35-06-06

Келісілген А.Байкуанышов

22.11.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)